

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУ ИНСТИТУТЫ**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚАУІПСІЗ ЖАҒДАЙЛАР
ЖАСАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ҚАУІПСІЗ
БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

**ИНСТРУКЦИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ
БЕЗОПАСНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА
ТРЕБОВАНИЙ К СОЗДАНИЮ БЕЗОПАСНЫХ УСЛОВИЙ В ДОШКОЛЬНЫХ
ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Нұр – Сұлтан
2022

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық – Нұр - Сұлтан, 2022 - 36 бет.

Пікір жазғандар:

Б.О. Арзанбаева п.ғ.к., доцент

С.Н. Камелова меңгеруші

Р.Ж..Игибаева әдіскер

Нұсқаулықта мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық қауіпсіздігінің жағдайы ретінде мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасы қарастырылады, мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар әзірленді.

Бұл нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне арналған.

Нұсқаулық «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2022 жылғы 25 қаңтардағы № 1 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты» 2022 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Педагогикалық қызметтің табысты болуы көп жағдайда білім беру процесі жүзеге асырылатын ортамен анықталады. «Орта» ұғымы кең мағынада адамға әсер ететін қоршаған ортаның, табиғи, материалдық және әлеуметтік факторлардың жиынтығын білдіреді. Бір затқа немесе біреуге ықпал ету ортаны құраушы белгі, ал баланы дамытудың маңызды факторы мен жағдайы - әлеуметтік орта болып табылады.

Әлеуметтік орта - бұл адамның өмір сүретін ортасы, яғни әлеуметтік өмірде бізді қоршап тұрған барлық заттар және әр адам ерекше қарым-қатынас жасайтын адамдар тобы. Орта адамның дамуы мен мінез-құлқына әсер етеді, білім беру факторы болып табылады. Білім беру ортасы әлеуметтік өмірдің саласы, әлеуметтік-мәдени ортаның кіші жүйесі. Ол тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесі ретінде анықталады, балалар мен ересектердің өмір сүруі мен дамуының жайлылығын қамтамасыз етуге, орта субъектілерінің тұлғалық өсуіне ықпал етуге арналған.

Тұлғаны оңтайлы дамыту және баланың денсаулығын сақтау сапалы білім беру ортасын қолдау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы мүмкін болады. Қауіпсіздік-тұлғаның, әлеуметтік ұйымның, қоғамның қалыпты дамуы үшін қажетті жағдай. Қауіпсіздікті физикалық және психологиялық деп жіктеуге болады.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру ортасының қауіпсіздігі мәселесі өзекті болып келеді, сондықтан ол балаларды физикалық және психологиялық қауіптен қорғау фактісі ретінде қарастырылады. Мектепке дейінгі жас физикалық және психикалық денсаулықтың негізін қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады.

Нұсқаулықтың **мақсаты** оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдениетті, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметте белсенділік танытатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар жасау, қол жетімді білім беру ортасын құру болып табылады.

Бұл материал балабақшаларда қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған нұсқаулық болып табылады.

ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін ұйымдастыруға педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог қызметкерлер жіберіледі.

Мектепке дейінгі ұйым басшысы тәрбиеші лауазымына қабылдау кезінде қызметкерге балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау оның тікелей және негізгі міндеті екендігін айтуы керек, бұл ұстаным лауазымдық нұсқаулықта нақты және толық көрсетілуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйым басшысы айына кемінде бір рет рұқсатнамалық тәртіптеменің, техникалық күзет құралдарының (бейнебақылау жүйесі) жай-күйіне, құжаттаманың болуы мен оның жүргізілу тәртібіне, шығатын қосалқы есіктердің ұсталуына жоспарлы тексеру жүргізуі қажет.

Ғимараттың орталық кіреберісінде балабақша аумағында және ғимаратында бөгде адамдардың рұқсатсыз кірмеуін қадағалау мақсатында тәулік бойы күзет бекеті орнатылады. Түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері ғимаратты тікелей күзетуді мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен кесте бойынша күзетшілер жүзеге асырады.

Келушілерді есепке алу журналына тіркегеннен кейін олардың жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда ғана балабақша ғимаратына кіруге рұқсат етіледі.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының, жедел жәрдем мен өрт сөндіру және басқа да апаттық қызметтердің мекенжайлары мен телефон нөмірлері балабақшада көрінетін жерде орналасуы тиіс.

Өрт шыққан жағдайда мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің әрекеттері тәрбиеленушілердің, балабақша қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды эвакуациялауға бағытталуы тиіс.

Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде дереу төтенше жағдайлар бөліміне хабарлау қажет.

Күдікті заттар табылған жағдайда «112» телефоны бойынша ішкі істер басқармасының кезекші бөліміне қоңырау шалу қажет. Құқық қорғау органдарының өкілдері келгенге дейін педагог қызметкерлер дереу қауіпті аймақтағы тәрбиеленушілерді эвакуациялауға және осы аймаққа бөгде адамдардың кіріп кетпеуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мектепке дейінгі ұйымның сыртқы есігінің, аумақтан шығатын және шығатын қосалқы есіктердің баланың қолы жетпейтін биіктікте бекітпесі болуы және олар үнемі жабылуы тиіс.

Тәрбиеленуші жоғалып кеткен жағдайда оны іздестіруді дереу ұйымдастырып, жақын маңдағы полиция бөлімшесіне және оның ата-анасына (заңды өкілдеріне) хабарлау керек.

Балабақшаның педагог қызметкерлері өз жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топтың үй-жайларының, ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жай-күйін, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс. Қауіпсіздік режимінің бұзылуы анықталған кезде дереу оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға, әкімшілікті хабардар етуге міндетті. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады.

Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі.

Тәрбиеленушінің ата - анасы немесе заңды өкілдері оны тәрбиешіге, ол болмаған жағдайда-топ тәрбиеленушілерін қабылдауды жүзеге асыратын өзге де педагогикалық қызметкерге тапсыруы тиіс (тәрбиеленушілерді 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге, алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі адамдарға беруге тыйым салынады).

Педагог тәрбиеленушілердің денсаулығындағы барлық ауытқулар туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) уақтылы хабардар етуге міндетті.

Тәрбиеші ата-аналарға балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды айтуы, яғни олардың сіріңкелерді, дәрі-дәрмектер мен өткір заттарды және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа заттарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргізуі тиіс.

Топқа сыртқы киіммен кіруге, бөгде адамдардың кіруіне тыйым салынады.

Тәрбиеші таңертең балаларды қабылдағаннан кейін сыртқы есіктерді жабуы керек.

Баланы мектепке дейінгі ұйымнан оның ата-анасы немесе заңды өкілдері алуы тиіс. Егер олардың баланы балабақшадан алып кете алмауының дәлелді себебі болса (ауру, қызметтік іссапар, жұмыс кестесі және т.б.), онда ата-анасының немесе тәрбиеленушінің заңды өкілдерінің мектепке дейінгі ұйым басшысының берген өтініші негізінде өзге адамдар (жақын туыстары) жүзеге асыра алады.

Тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Егер кетуге қажеттілік туындаса, тәрбиеші көмекшісіне қайда және қай уақытта кететінін ескертіп, өз істерін біраз уақытқа тоқтатуды және балаларға қарауды сұрауы керек. Тәрбиешінің жұмыс орнында болмауы мектепке дейінгі ұйымның басшысымен келісілуі тиіс.

Тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілерінің сыртқы келбеті балалар мен ата-аналарға үлгі болуы керек. Қызметкерлердің киімдері мен аяқ киімдері мектеп жасына дейінгі балаларды күту, тексеру, дамыту, ерекше әрекет түрлерін ұйымдастыру, оқыту бойынша олардың функционалдық міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуі тиіс. Артқы жағы ашық және өкшесі биік аяқ киім киюге тыйым салынады. Қызметкерлерге тырнақты өсірудің, ұзын шашты жайып жіберудің қауіптілігін, педагогтердің киімдерінің жыл мезгілі мен ауа температурасына сәйкес келмеуін түсіндіру қажет.

Серуенге шығар алдында тәрбиеші ойын алаңында балалар үшін қауіпті заттардың (құрғақ ағаштар, кесетін заттар, ашық шұңқырлар, құдықтар) болмауын тексеруі, ойынға арналған жабдықтардың қауіпсіздігіне көз жеткізуі; балалардың бейтаныс өсімдіктерді ауыздарына алмауын қадағалауы тиіс.

Топтағы және участкағы дене шынықтыру жабдықтарының жарамдылығын қадағалау, ақаулар туралы жауапты тұлғаларға уақтылы хабарлау қажет.

Суреттер, балалар жиһазы, құрал-жабдықтар құлап кетпес үшін және балалар жарақат алмау үшін (төбеге, қабырғаға немесе еденге) мықтап бекітілуі керек.

Балабақша ғимаратының қабаттарынан төмен түскенде және жоғары көтерілгенде тәрбиеленушілер таяныштан ұстап, қауіпсіздікті сақтауы және екі ересек ілесіп жүруі керек.

Топтағы барлық заттар, шкафтар, сөрелер, пианино, айналар, гүл қоятын тұғырлар мықтап бекітілуі керек, балалардың көз деңгейінде ілмектерді, шегелерді қағуға тыйым салынады.

Қағаз түйрегіштерді, тігін түйреуіштерін пайдалануға тыйым салынады. Педагог инелерді, түйреуіштер мен қайшыларды, басқа да өткір және кесетін заттарды, шыны заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауы тиіс.

Балалар топта болған кезде терезелерді ашуға тыйым салынады; жазғы кезеңде терезелердің қорғаныш дәке жақтауы немесе москит торлары болуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымның үй – жайларындағы электр сымдары оқшаулануы, электр құралдары тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерде болуы тиіс.

Топта тұрмыстық электр құралдарын: шәйнектерді, үтіктерді және т. б. қолдануға тыйым салынады.

Оқытудың техникалық құралдарын (магнитофон, проектор және т.б.) қажет болмаса ұзақ уақыт бойы розеткаға қосып қоюға тыйым салынады, ОТҚ-ын пайдаланып болғаннан кейін штепсель айырын қауіпсіздік техникасын сақтай отырып (қол құрғақ болуы керек), розеткадан ажырату қажет.

Балабақшадағы жауапты адамдар жиһаздың, төсек-орын мен ыдыс-аяқтың, шүберектің таңбалауының сақталуын қатаң бақылауға міндетті.

Үй-жайларды ерітінділермен және кварцпен дезинфекциялау кезінде сақтық шараларын сақтау қажет; кварцтау кезінде міндетті түрде күннен қорғайтын көзілдірік кию, үй-жайды желдету, кварц шамына жақын тұрмау керек.

Жуу құралдары мен дезинфекциялау құралдары таңбаланған ыдыстарда тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Буы денсаулыққа қауіпті ерітінділерді немесе сұйықтықтарды топқа әкелуге тыйым салынады.

Топтағы балаларды емдеу үшін ата-аналардан дәрілер мен басқа дәрі-дәрмектерді алуға қатаң тыйым салынады. Ата-аналардың дәрі-дәрмектерді балалардың шкафтарында қалдыруына жол берілмеуі тиіс.

Тәрбиеші ата-аналардан (заңды өкілдер) балаларға арты жабық аяқ киім кигізуді талап етуі тиіс. Үйде киетін шәркей мен чешки киюге тыйым салынады. Тәрбиеші әрдайым балалардың аяқ киімдерінің бауы байланғанына және ілгектерінің салынғанына көз жеткізуі керек.

Тәрбиешілер карантиндік шараларды қатаң сақтауы және олардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тәрбиеші өзінің жұмыс орнын таза ұстауға, топтың ішіне жеке заттарды қоюға, барлық кіретін есіктерге еркін кіріп-шығуды қамтамасыз етуге міндетті.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағына қойылатын қауіпсіздік талаптары.

Аумақта орналасқан жабдықтарды (шағын нысандар, дене шынықтыру құралдары және т.б.) жылына екі рет (қажет болған жағдайда – жиі) жарамдылығын

тексеріп, міндетті түрде актілер жасалады. Сонымен қатар, тәрбиешілер күн сайын топтардағы жиһаздар мен жабдықтардың жайын және серуендеу алаңдарын тексеріп отыруы тиіс: олар ұшты бұрыштарсыз, шегесіз, кедір-бұдырсыз, шығыңқы бұрандасыз болуы тиіс, топтардағы барлық жиһаздар мен учаскелердегі жабдықтар сенімді бекітілуі керек; сырғанайтын төбешіктер, баспалдақтар орнықты болуы керек, бала жеңіл құлауы үшін берік тақтайша мен амортизациялық беттер, таяныштар балалардың жасына және санитарлық нормаларға сәйкес келуі керек.

Көктемгі-күзгі кезеңде жаңбырдан кейін жиналған суды серуенге шығар алдында тазарту; қоқысты жинау; бұталарды сәнді кесу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қысқы кезеңде серуен басталар алдында барлық құрылыстардың шатырын қардан және сүңгілерден, балалар алаңдарын, жолдарды қардан және мұздан тазарту, құм себу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Топтық бөлмелерге қайнаған су әкелуге тыйым салынады. Дәліздер мен баспалдақтарда балалар болмаған кезде асханадан тағамдарды әкелу керек.

Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану қажет.

Қайнаған суды ауыстыру кестесін сақтау.

Ата-аналардан балабақшадағы балалардың тамақтану рационында қарастырылмаған өнімдерді (торттар, бәліштер және т.б.), әсіресе дайындау мерзімі көрсетілмеген тағамдарды қабылдауға тыйым салынады.

Әр тамақтан кейін ауызды шаюды ұйымдастыру керек. Балаларды аузындағы тамақ, сағыз, кәмпіттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу, осы мақсатта әр баланың ауыз қуысын ұйқы алдында тексеру.

Тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің ас құралдарын дұрыс пайдалануын қадағалау қажет.

Жарақаттануды болдырмау үшін асхана мен шай ыдыстарында жарықтар мен сынықтар болмауы керек.

Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікке және тағамдарға төзбеушілігі)

Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек (ас блогының жағдайына, жеткізілетін тамақ өнімдеріне, оларды тасымалдауға, сақтауға, дайындауға, тағамдарды таратуға және т.б. тиісті санитарлық талаптарды сақтау).

Білім беру процесін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Тәрбиешілер соқтығысуды, құлауды, дау-жанжалдарды болдырмайтын балалардың мазмұнды ойын әрекеттерін ұйымдастыруы керек.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері тәрбиеленушілерді балабақшада, көшеде, тұрмыста қауіпсіз мінез-құлық негіздерімен таныстыруға міндетті.

Спорт залында және серуенде ірі спорт жабдықтарын пайдалана отырып, балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыру кезінде, бассейнде тәрбиешілер балаларды құлау мүмкіндігінен, жарақаттанудан сақтандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Психологиялық жайлылық жасау (қарым-қатынастың демократиялық стилі, әрекетті еркін таңдау үшін жағдай жасау, оқшаулану орындардың болуы, топқа ата-аналар еркін қатысу мүмкіндігі).

Тәрбиеші тәрбиеленушілермен дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған оқу қызметін өткізген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етуге міндетті.

Педагогтерге балаларға қандай да бір тапсырма беріп топтан тыс жерлерге қараусыз жіберуге тыйым салынады.

Тәрбиеленушілермен ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық, дидактикалық, эстетикалық талаптарға сәйкес келетін берік, жарамды демонстрациялық және үлестірмелі материалдарды пайдалану қажет.

Жүзу тамақ ішкеннен кейін 30-40 минуттан ерте емес 10-12 тәрбиеленуші санымен кіші топтар бойынша ұйымдастырылуы тиіс.

Бейнелеу әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Бейнелеу әрекетін өткізуді бастамас бұрын балаларға қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы естеріне салу:

- барлық балаларды назарда ұстау;
- қайшылардың ұштары үшкір болмауы керек;
- балаларды қайшымен қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету;
- ертеңгілік пісіріп салқындатылған крахмал желімін немесе ұнды қолдану;
- ПВА желімін пайдалануды алып тастау;
- жұмыс аяқталғаннан кейін өз жұмыс орнын ретке келтіру, ҰОҚ-де пайдаланылған материалдарды, жабдықтарды арнайы тағайындалған орындарға жинау қажет;
- қарындаштарды көлденеңнен орналастыру керек;
- балалардың қарындашты қалай ұстайтынына назар аудару;
- суды шыны ыдысқа құюға болмайды.

Ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптары:

- балалардың ойыншықтарды, текшелерді бір-біріне лақтыруына, бір-бірін итеруіне жол бермеу, дау-жанжалдан аулақ болу, балалар арасында дау-жанжал туындаған жағдайда тәрбиеші араласуы тиіс;
- үйден топқа заттар әкелуге: шыны, тесетін немесе кесетін заттар сіріңкелерді, оттықтарды, дәрі-дәрмектерді және т.б. балаларға ойындарға пайдалануға рұқсат бермеу;
- үстел үсті ойындары, пайдаланғаннан кейін қораптарға салу және орнына қою. Ойын бөлшектерін және басқа да ұсақ заттарды өзіңмен бірге алуға болмайды;
- ойын кезінде орындықтар мен үстелдерге тұруға, үстелдердің астына еңбектеуге болмайды;
- топтық бөлмеде қимылды ойындар өткізген кезде тек тәрбиеші анықтаған аумақты пайдалану; итермеу, айқайламау, басқа балалардың ойын ережелерін орындауына кедергі келтірмеу;
- табиғат бұрышындағы еңбек әректін тек тәрбиешінің бақылауымен өткізу ;
- теледидар немесе ноутбукты тек тәрбиеші қосады.

Балабақшада еңбек әрекетін ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1.Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбегін ұйымдастыру жағдайларына талаптар

Балабақшаның топтары мен учаскелерінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуы керек:

-барлық шкафтар мен сөрелер сенімді бекітілуі керек. Жабдықтар, материалдар, керек-жарақтар құлау мүмкіндігін болдырмайтын олардың толық қауіпсіздігі мен орнықтылығын ескере отырып орнатылуы тиіс;

- балалардың дербес еңбек әрекетінде пайдаланылатын мүкәммалды биіктігі баланың көз деңгейінен аспайтын сөрелерде және шкафтарда орналастыру қажет;

- аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғат бұрышының бөлме өсімдіктері бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай етіп орналастырылады; өсімдіктерді суару кезінде балалардың киіміне, жеңдеріне су ағып кетпеуі үшін лейканы кеудесінің деңгейінен төмен ұстауы керек.

Балалардың кез-келген әрекеті, әсіресе құралдарды қолданумен байланысты еңбек әрекеті тек ересек адамның тікелей бақылауымен жүзеге асырылады. Жануарларды ұстауға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау. Ерте және кіші жас тобында кактустар мен басқа да тікенді өсімдіктерді, сондай-ақ жыртқыш құстар мен өсімдіктерді ұстауға қатаң тыйым салынады.

Балалардың еңбек әрекеті ұйымдастырылатын үй-жайлар таза, жарық, желдетілген болуы тиіс. Әр баланың жұмыс орнын жарықтандыру, әсіресе қол еңбегін ұйымдастыру кезінде, белгіленген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келуі керек.

Салмағы 2-2, 5 кг-нан асатын ауыр заттарды (мектеп жасына дейінгі ересек бала үшін) балалардың тасымалдауына тыйым салынады.

Асхана мен табиғат бұрышы бойынша міндеттерге байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына ересек адаммен бірге ғана бара алады; бұл ретте балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынады.

Арнайы жабдықталған бөлмелерде балалардың еңбегін ұйымдастыруға ересектердің басшылығымен және қатысуымен рұқсат етіледі.

Жұқтыру қаупі бар балаларды жұмысқа тартуға қатаң тыйым салынады (унитаздарды жинау, жалпы кір киім-кешектерді, тұрмыстық қалдықтарды жинау және т. б.). Балаларды от жағуға, құрғақ жапырақтар мен қоқыстарды жағуға тартуға болмайды.

2. Жабдықтар мен материалдарға қойылатын талаптар

Балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, өзге де жиһаздар мен жабдықтар көлемі бойынша балалардың өсу көрсеткішіне сәйкес келуі тиіс.

Балаларға пайдалануға жарамды және жұмысқа қауіпсіз тұтқалары сенімді бекітілген ауыл шаруашылығы мүкәммалының құралдары мен заттары беріледі. Сонымен қатар қайшылар ұшы өткір емес, балға- соғатын бөлігіне бекітілген т. б. болуы керек.

Балаларға ересектерге арналған жабдықтар мен құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Балалардың ойын әрекеті үшін өнеркәсіп шығаратын құралдарды қолдану орынсыз, педагогикалық тұрғыдан қарастырылмаған және қауіпті.

Барлық тігу және кесу құралдарын жабық жерлерде сақтау керек және балалар тек тәрбиешінің рұқсатымен және бақылауымен қолдануы керек. Тігін инелері арнайы ине сақтайтын қобдишаларда әрқашан жіптермен сақталады; олардың санын тәрбиеші жүйелі түрде тексеруі тиіс.

Балалардың қолдан жасалатын бұйымдары үшін табиғи, қалдық және басқа материалдарды таңдағанда, тәрбиеші әрқашан оның қауіпсіздігін есте ұстауы тиіс, өткір, кесетін шөптерді, улы жидектер, саңырауқұлақтар мен өсімдіктер, қатты сым, сынған әйнек, күкірт басы бар сіріңкелер және т. б. алмауы қажет.

Өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарымен балалармен жұмыс кезінде гигиена қорытындысы бойынша балалардың денсаулығына қауіп төндірмейтін материалдар мен бояғыштар ғана пайдаланылуы мүмкін. Шыны мақта, шыны талшықты, жасанды лактар мен бояуларды, эпоксидті шайырды және органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады.

Тәрбиеші балаларға ұсынылған жұмыстың орындылығын, сонымен қатар белгілі бір қолдан бұйым жасау қажеттілігін ойластырып, өз қолданысын таппаған балалар жұмыстарының көп жиналуын болдырмау керек.

Барлық жабдық, құрал-саймандар мен материалдар ұқыпты, ыңғайлы және ұтымды орналастырылып, жабық ыдыстарда таза және жарамды күйде ұсталуы тиіс.

3. Балабақшадағы балалардың еңбек әрекетін басқару әдістемесіне қойылатын талаптар

Балаларды әртүрлі дағдылар мен жұмыс әдістеріне, құрал-саймандарды қолдануға үйрете отырып, педагог олардың нақты және сауатты көрсетілуін қамтамасыз етуі керек.

Топтық немесе ұжымдық жұмыстарды орындау үшін балаларды біріктірмес бұрын, тәрбиеші әр баланың қажетті дағдыларды жеткілікті меңгергеніне сенімді болуы тиіс.

Құрал-саймандармен жұмыс істеу кезінде бір мезгілде жұмыс істейтін балалардың саны 4-5 адамнан аспауы тиіс.

Елеулі күш жұмсауды қажет ететін еңбек әрекетін ұйымдастырған кезде (жерді қазу, құмды тасымалдау, бақша мен гүлзарларды суару, қыста учаскені тазарту және т.б.) тәрбиеші балалардың жағдайын мұқият қадағалап, олардың шамадан тыс жұмыс істеп шаршауына, тоңуына жол бермеуі керек. Балада жиі тыныс алу, бет терісінің қызаруы, терлеу және шаршаудың басқа белгілері пайда болған жағдайда тәрбиеші оған демалуды, содан кейін қалыпты (тыныш) әрекетке ауысуды ұсынады.

Еңбек процесінің ұзақтығын нақты реттеу керек, әсіресе бірсарынды жұмыстарды орындау кезінде (арамшөптер, жидектер жинау, орындықтарды сүрту, қол еңбегінің әртүрлі түрлері): оған бөлінген уақыт 30 минуттан аспауы тиіс. Сонымен қатар, әр 7-10 минут сайын әрекетті өзгерту немесе үзіліс жасау қажет.

Ыстық күндерде балабақшада және гүлзарларда балалардың еңбек әрекеті таңертең, таңғы асқа дейін және кешкі серуенде ұйымдастырылады.

Тәрбиеші жұмыс барысында балалардың дене бітімінің сақталуына үнемі бақылау жасайды.

Тәрбиеші балаларды мұқият жұмыс істеуге, алаңдамай және құралдарды сілтемей жұмыс істеуге үйретеді.

Тәрбиеші барлық тесу және кесу құралдарын береді және балалардан қатаң түрде есептеп қабылдайды.

Ересектердің еңбегімен таныстыру мақсатында өткізілетін экскурсияларды тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктері мен физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып мұқият дайындауы керек. Экскурсия қарсаңында тәрбиеші алдын-ала белгіленген маршрутты нақтылайды, жоспарланған объектіге барады және

балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды, әсіресе әртүрлі механизмдер мен ауылшаруашылық техникаларының жұмысын бақылау кезінде қауіпсіздік шараларына назар аударылады. Экскурсия кезіндегі мінез-құлық ережелері туралы балалармен әңгіме жүргізеді. Балалардың қасында 2 ересек адам еріп жүруі керек.

Тәрбиеші міндетті түрде балаларды еңбек әрекеті процесіндегі мінез-құлық ережелері таныстырады және олардың орындалуын жүйелі түрде бақылайды.

4. Еңбек әрекеті процесінде балалардың мінез-құлық ережелері

Тәрбиеші балалардың еңбек әрекеті үшін қажетті жағдайлар жасайды, оларға әртүрлі материалдар мен құралдармен жұмыс істеу дағдыларын үйретеді, балалардың еңбек процесінде мінез-құлық ережелерін меңгеруін және орындалуын қамтамасыз етеді. Балалар келесі талаптарды білуі және қатаң сақтауы керек:

- тапсырылған жұмысты тек осы еңбек түрі үшін бөлінген орындарда ғана орындау;

- жұмысқа кіріспес бұрын, алжапқыш пен басқа да арнайы киім киіп, жеңді түріп, қолды жуып, қажет болса, шашты жинау;

- берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс орнын дайындау: қажетті материалдар мен құралдарды ұқыпты, ыңғайлы және ретімен орналастыру, олардың жарамды жұмыс істейтініне көз жеткізу;

- еңбек процесінде өзінің жұмыс орнындағы тәртіптілікті үнемі сақтау, оның қоқыстануына жол бермеу;

- тәрбиеші көрсеткен ережелер мен тәсілдерді қолдана отырып, жабдықтар мен құралдарды тек олардың мақсаты бойынша пайдалану. Өз бетінше әрекет үшін қажетті құралдарды тек тәрбиешінің рұқсатымен алуға болады;

- мұқият жұмыс жасау, алаңдамай, қолындағы құралдармен жүрмеу және басқа балаларға кедергі жасамау;

- жұмыс барысында инелерді тек ине слғыштарға, шегелерді жәшікке немесе қорапқа, қайшыларды - арнайы тұғырға жабық ұшымен салу;

- жіптерді тек қайшымен, сымды кескішпен кесу, шегені тістеуікпен алу;

- жұмыс аяқталғаннан кейін жабдық пен мүкәммалдың жай-күйін тексеру, оны тазарту, орналастыру және жинау. Жұмыс орнындағы үгінділерді, қоқыстарды сыпырғыштың, щетканың және дымқыл шүберектің көмегімен ауызбен үрлемей немесе қолмен сүртпей ретке келтіру керек. Содан кейін қолды мұқият жуу, жұмыс киімдерін жинау, шашты тарау, киімді түзету;

- егерде аздап жарақат, көгеру, жырып кету болған жағдайда дереу тәрбиешіге айту.

Жуынатын және дәретхана бөлмесіндегі қауіпсіздік талаптары

Жуынатын бөлмеде және дәретханада бір уақытта 5-6 баладан аспауы тиіс.

Дәретханада гигиена ережелерін міндетті түрде орындау: қағазды қолдану, унитазды сумен шаю, қолды сабынмен жуу, сүлгімен тек жуылған қолды сүрту.

Жүгіруге, секіруге, су шашуға, жинау мүкәммалын ұстауға, ұсақ заттар мен ойыншықтарды унитазға тастауға және оларды сол жерден алуға болмайды; сүлгі кептіргішке және унитаздар арасындағы қабырғаларға мінуге, батарея торына және терезе алдына көтерілуге; душты өз бетінше пайдалануға болмайды. Балалар үнемі тәрбиешінің бақылауында болуы керек.

Серуендеуді ұйымдастыру кезіндегі қауіпсіздікті талаптары:

- тәрбиешінің көмекшісі балалар серуенге барғанда және серуеннен келе жатқанда еріп жүруі тиіс, педагогтер барлық балаларды назарда ұстауы, балаларды бақылауы және қажет болған жағдайда көмекке келуі тиіс;

- тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау;

- серуендеу алдында алдын-ала учаскені қауіпсіздік үшін тексеру қажет;

- тәрбиеші аумақты қауіпсіздік үшін тексергеннен кейін ғана учаскеде шөпте, асфальтта, құмда жалаң аяқ жүруге рұқсат етіледі;

- құмсалғышта құммен ойнауға құмға қайнаған су құю мен құмды күнделікті қопсыту жағдайында ғана рұқсат етіледі;

- тәрбиеші белгіленген режимді, серуендеу ұзақтығын, балалар әрекетін (қимылды, аз қимылды) ауыстыруды сақтауы тиіс;

- серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет;

- төбешіктен сырғанау, мұз жолдарымен сырғу, әткеншек тебу, өрмелеу, биіктен, спорттық жабдықтардан секіру, лақтыру, самокат, шаңғы, велосипед тебу және т.б. кезінде тәрбиешінің сақтандыруын, бақылауын қамтамасыз ету;

- су жиналған шұңқырларының маңында, жолдан өтетін бөліктердің жанында серуендеуге рұқсат етілмейді;

- тәрбиеленушілердің екі тобына бір ойын учаскесінде серуендеуді ұйымдастыруға және өткізуге жол берілмейді;

- серуендеу кезінде балаларды тәрбиешінің бақылауынсыз қалдырмау;

- ауа райы жел және суық болған сумен ойнауға тыйым салынады;

- тәрбиеші балалардың үй-жайдан бір-бірін итермей шығуын және кіреберістен түсуін бақылауды қамтамасыз етеді;

- балалардың таяныштарға, шарбақтарға, ағаштарға өрмелеуіне тыйым салынады;

- тәрбиеші балалардың жеке гигиена талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз етеді (кір заттарды, қарды, сүңгілерді қолына ұстауға, аузына салуға тыйым салынады, бір-біріне жерден құм алып лақтырмау);

- серуеннен бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда тәрбиеші бұл туралы меңгерушіге, ата-анасына (заңды өкілдеріне), полиция бөлімшесіне дереу хабарлауы тиіс. Баланы іздеуді дереу ұйымдастыру, белгілерді атау: сыртқы түрін, жасын, киімін сипаттау;

- жазатайым оқиға кезінде тәрбиеші балаға алғашқы медициналық көмек көрсетуі, ол туралы меңгерушіге, медбикеге, ата-аналарға (заңды өкілдерге) дереу хабарлауы керек, қажет болған жағдайда дәрігерді шақыруы және баланы ауруханаға жеткізуі тиіс.

Экскурсия уақытындағы қауіпсіздік талаптары:

- экскурсия өткізу кезінде қауіпсіздікті сақтау мақсатында балалардың қозғалыс маршрутын алдын- ала қарау (аумақ қоқыстан, сынған шыныдан, қураған ағаштардан тазартылуы тиіс), ойын жабдықтарының, шағын сәулет нысандарының жарамдылығы;

- балабақша аумағынан тыс жерлерге экскурсия өткізген кезде тәрбиеші өзімен бірге міндетті дәрі-дәрмектер мен таңу құралдары бар медициналық дәрі қобдишасын алады;

- экскурсия өткізу кезінде тәрбиеші белгіленген режимді, экскурсияның ұзақтығын, тәрбиеленушілердің әрекетін ауыстыруды (қимылды, аз қимылды) сақтауы тиіс.

- ауа-райының жағдайына, ауа температурасына байланысты балалардың экскурсияға шығу мүмкіндігін медбикемен келісу. Дәрі қобдишасының болуына және оның жинақталуына көз жеткізу;

- меңгерушіні, медбикені балабақша аумағынан тыс жерге баруға дайындалып жатқан экскурсия туралы хабардар ету;

- экскурсияға шығар алдында және балабақшаға оралғаннан кейін балалардың тізімдік құрамын білу қажет;

- ауа-райының жағдайына қарай балалардың киімдерін, аяқ киімдерін қарау. Жаздың ыстық күндерінде балалардың ақшыл бас киімдері болуы керек;

- ауыз суын ішу режимін сақтау, тек жуылған жемістер, жидектер, көкіністерді жеу;

- серуен кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін әрекет түрлерін кезекпен ауыстырып отыру қажет;

- төбешіктен сырғанау, мұз жолдарымен сырғу, әткеншек тебу, өрмелеу, биіктен, спорттық жабдықтардан секіру, лақтыру, самокат, шаңғы, велосипед тебу және т.б. кезінде тәрбиешінің сақтандыруын, бақылауын қамтамасыз ету;

- су жиналған шұңқырлардың маңында, жолдан өту бөлігінің жанында экскурсиялар, ойындар өткізуге рұқсат етілмейді;

- жолдан өту кезінде балаларға жол жүру ережелерін түсіндіру қажет;

- экскурсия уақытында балаларды тәрбиешінің бақылауынсыз қалдырмау.

Серуендеу, экскурсия, аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары:

- балаларды тізім бойынша тексеру;

- балалардың сыртқы киімдерін тазалау (ауа райы жағдайына байланысты);

- серуенге алып шыққан материалды, еңбек құралын ретке келтіру (құмнан, қардан тазарту);

- тәрбиешінің және тәрбиешінің көмекшісінің қадағалауымен балабақша үй-жайына балалардың таласпай кіруін ұйымдастыру;

- жаңбырдан кейін немесе қыс мезгілінде дымқыл киімнің, аяқ киімнің кептірілуін қамтамасыз ету;

- гигиена талаптарының орындалуын: дәретханаға бару, қолды сабынмен жууды ұйымдастыру;

- серуенге алып шыққан ойын материалын бөлінген орынға жуу және жинау.

Спорттық снарядтар мен дене шынықтыру жабдықтарын пайдалану кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- спорттық снарядтардың жанында балалардың өздерін, қараусыз қалдыруға болмайды;

- балаларда өзін-өзі сақтандыру сезімін дамыту қажет, снарядтардың бірінде сақтандыру кезінде ересек бүкіл топты назарда ұстап тұруы керек, биіктіктен немесе қатты жерге секіру кезінде еденге екі паралон төсеніш жаю керек;

- көлденең тақтайдан секіріп түсу кезінде ересектер балаларға көмектесу қажет;

- дене шынықтыру жабдықтарының барлық заттары тегіс қойылған, жарықтары жоқ, бұрыштары жұмсақ болуы керек;

- спорттық снарядтардың бекітілуін, сондай-ақ негізгі тіректердің қабырға мен төбеге бекітілуін жүйелі түрде тексеру керек, спорттық снарядтардан кедергілер жолағын барлық балалар көз алдында болатындай алаңның шетіне орналастыру қажет;

- жабдық қауіпсіз және сенімді түрде бекітілуі керек, спорт алаңдарында , шұңқырлар мен кедергілер, өсіп келе жатқан ағаш тамырлары болмауы тиіс, топырақтары тегіс және тығыздалған болуы керек;

- спорт залындағы еден ҰОҚ басталар алдында құрғақ және таза болуы тиіс;

- қысқы уақытта алаңдар үнемі қардан тазалануы тиіс;

- сыртқы белгілері бойынша ағзаның жай-күйін және жүктемелердің шамасын бақылауды жүзеге асыру;

- баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 3 жастан бастап спорт құралдарын пайдалану ережелерін үйрету қажет, түсіндіруден басқа, балаларға өзін-өзі сақтандыру және қауіпсіздік техникасын меңгеру үшін аяқтарын қою мен ұстап тұрудың дұрыс және қате техникасын сезінуге мүмкіндік беру керек;

- заттармен жаттығулар орындаған кезде балалар арасындағы жеткілікті ара қашықтықты қадағалау.

Апаттық жағдайлар кезінде мектепке дейінгі ұйымдардағы қауіпсіздік ережелері.

Төтенше жағдай туындаған кезде үрейленуге болмайды. Бұл апат, өрт, табиғи апат болуы мүмкін. Әрқайсысының бастапқы міндеті-өз тобының балаларын құтқару, содан кейін нәтижелері туралы мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісіне немесе әдіскерге хабарлау. Олардың барлық нұсқауларын нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты екенін түсінуі тиіс.

Эвакуациялық кіру және шығу жолдары қажет емес заттармен толтырылмауы керек. Есіктерді ішінен шағын, оңай ашылатын ілгіштермен жабу керек. Есікке бару еркін кедергілерсіз болуы қажет. Егер өрт бөлмеге енсе, терезелерді ашуға болмайды, өйткені желдету салдарынан өрт өршіп кетуі мүмкін. Жанып жатқан үй-жайдан, мұрныңмен бен аузыңызды дымқыл шүберекпен жауып төрт тағандап тұрып еңбектеп тез шығу қажет.

Егер өрт кезінде баланың киімдері жанса, оны дымқыл шүберекпен орап, ауаның енуін тоқтату үшін матаны денеге басу керек. Ешбір жағдайда киімді сөндіру үшін өрт сөндіргішті қолдануға болмайды. Бұдан қосымша химиялық күйіктер пайда болуы мүмкін. Жанып жатқан үй-жайдан балаларды іздеу балабақшаның барлық үй-жайлары тексерілген жағдайда ғана тоқтатылады.

Апаттық жағдай немесе өрт болған жағдайда балалар ойын алаңына шығарылады және меңгерушіге немесе ол болмаған жағдайда әдіскерге үй-жайдан эвакуациялау нәтижелері туралы хабарланады.

Балалар тұрған топтарда электр су қайнатқыштар мен шәйнектерді пайдалануға, сондай-ақ тұруға арналмаған үй-жайларда макулатура қоймаларын орналастыруға немесе тез тұтанатын металдар мен құрылыс материалдарын сақтауға болмайды. Жабық үй-жайларда фейерверктер, май шам, бенгал оттарын жағуға рұқсат етілмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қауіпсіз білім беру ортасы білім беру процесінің барлық қатысушыларын өрт, табиғи, экологиялық және техногендік апаттар, террористік қауіптер, экстремизм және адамға зорлық-зомбылық жасау сияқты төтенше жағдайлардан тек қана қорғауды ұйымдастыруды ғана емес, сонымен қатар көлік және тұрмыстық жарақаттану, топтық бөлменің, дене шынықтыру залының және т.б. жеткіліксіз қорғаныс жағдайларын, жеке және ақпараттық кеңістікке заңсыз енуді қамтиды.

Бұл сонымен қатар сыртқы факторларды дұрыс бағалау және оларға шұғыл және дұрыс жауап беру білігі болып табылады. Осы факторлардың барлығын бір уақытта ескере отырып, іске асатын кешенді қауіпсіз жүйені құру туралы айтуға болады.

Заманауи мектепке дейінгі ұйым күрделі жүйені құрайды, оның компоненттері бірінші кезекте адамдар, материалдық құралдар, күрделі техникалық жабдықтар болып табылады.

Адамның өмір сүріп, жұмыс істеген уақытында қоршаған ортаға ерекше назар аударуды қажет етеді, сондықтан қауіпсіз білім беру кеңістігін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар жүйесі:

- қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша нормативтік-құқықтық базаны үнемі жаңартып отыру;
- білім беру ортасының қауіпсіздігін басқару тетіктерін жетілдіру, команда құру, міндеттерді нақты бөлу;
- мектепке дейінгі ұйымда салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын құру және қауіпсіз білім беру процесі үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Қауіпсіздік жүйесінің барлық элементтерін біріктіру осы бағыттағы мәселелерді шешудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Тек барлық элементтердің реттілігі мен келісімділігі мектепке дейінгі ұйымның қауіпсіздік жүйесінің қажетті сапасы мен тиімділігін көрсетеді. Жүйенің жекелеген элементтерінің дұрыс сәйкес келмеуі немесе дайын болмауы өте келеңсіз салдарға әкелуі мүмкін.

Осылайша, балабақшаның қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етудің басымдығы мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңызды бөлігі болып айқындалған. Бұл мәселені мектепке дейінгі ұйымның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін жасай отырып, кешенді шешу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- 2 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
3. Методические рекомендации для педагогов дошкольных организаций по обучению детей дошкольного возраста основам безопасного поведения при стихийных бедствиях и чрезвычайных ситуациях// Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ), УДК 347.61/64 ББК 67.404.4 Г 70
4. Мириманова, М.С. Пути повышения эффективности управления комплексной безопасностью в дошкольных образовательных учреждениях/ М.С. Мириманова // Социально-экономические и психологические проблемы управления. – М.: МГППУ ГМУ, 2013. – С. 260 - 267.
5. Ясвин, В.А. Образовательная среда от моделирования к проектированию / В.А. Ясвин. – М.: Смысл, 2001. – 365с.
6. Баранов, А. А. Социальная и психологическая безопасность личности: уровневоинтегративная структура / А.А. Баранов// Психологические проблемы безопасности в образовании: Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Том I. / под. ред. И. А. Баевой, В. В. Рубцова. – М.: МГППУ, 2011. – С. 18-20.
7. Баева, И.А. Психологическая безопасность в образовании: Монография / И.А. Баева. - СПб.: Издательство «СОЮЗ», 2002. – 271с.
8. Панько, Е.А. Психологическое здоровье ребенка: о путях и способах его укрепления в семье / Е.А. Панько, Е.П. Чеснокова, Т.М. Недвецкая. – СПб.: Речь, 2014. – 176с.
9. Психологическая культура руководителя дошкольного учреждения : пособие для педагогов учреждений дошк. образования / Е.А. Панько [и др.]; под ред. Я.Л. Коломинского, Е.А. Панько. – Минск : Нац. ин-т образования, 2014. – 222с.
10. Белая. К. Ю. Формирование основ безопасности у дошкольников / М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2012. – 64с.
11. Никонова Л.Е. Условия создания безопасной образовательной среды учреждения дошкольного образования

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|--|----|
| 1 | Түсіндірме жазба | 3 |
| 2 | Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық | 4 |
| 3 | Қорытынды | 16 |
| 4 | Әдебиеттер тізімі | 17 |

*Разработана на базе Института раннего развития детей
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Инструкция по обеспечению Безопасной образовательной среды на основе анализа требований к созданию безопасных условий в дошкольных организациях. Инструкция – Нур-Султан, 2022. – 36 стр.

Рецензенты:

Арзанбаева Б.О., к.п.н., доцент

Камелова С.Н., заведующая

Игибаева Р.Ж., методист

В Инструкции рассматривается образовательная среда дошкольной организации как условие психологической безопасности детей дошкольного возраста, разработаны требования по обеспечению безопасности образовательной среды дошкольной организации.

Данная Инструкция рекомендована работникам дошкольных организаций.

Инструкция рассмотрена и рекомендована Научно- методическим советом Института раннего развития детей МОН РК (протокол № 1 от 25 января 2022 года).

Институт раннего развития детей, 2022 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

